ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 18 ақпан № 5165-25-00-2/270 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.А.Бейсембекова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№6 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№6 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 96 703 (тоқсан алты мың жеті жүз үш) теңге тұрақсыздық айыппұл және 4 867 (төрт мың сегіз жүз алпыс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 18.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 26.03.2025, судья Бейсембекова Д. А., 26.03.2025
5165-25-3-1/173

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 18.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2025, судья Бейсембекова Д. А., 26.03.2025

5165-25-3-1/173